

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КРИМИНАЛДЫҚ ЭКСТРЕМИЗМДІ ТҮСІНДІРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

*Әубәкірова Ж.М., з.ғ.м., оқытушы, Alikhan Bokeikhan University, Семей қ.*

Бүгінгі таңда әлеуметтік патология құбылысы ретінде діни экстремизм әлеуметтік ғылымдарының әр түрлі салаларының назарын өзіне аудартуда. Оны саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, конфликтология бойынша мамандар, әлеуметтік және мінез-құлық психологтары, теологтар, криминологтар, философтар, заңгерлер және басқа мамандық иелері зерттеуге талпынуда. Бұл зерттеушілер өз пәндерінің аспектілері бойынша зерделеу, зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатса да, әлі де барлығының бірлескен ұжымдық кешенді зерттеу еңбектері жеткіліксіз. Себебі діни экстремизм өте күрделі әлеуметтік-құқықтық, саяси және этно-психологиялық мәселе бола отырып, көпәспекттілі болып табылады, яғни артықшылық, діни алауыздық, жеккөрушілік, дінді саясаттандыру және тағы басқа сияқты ең шеткі қисынсыз көзқарастары мен әрекеттері арқылы пайда болатын қоғамға қауіпті құбылыс болып табылады.[1]

Алғашында терроризм, сепаратизм, экстремизм, радикализм, фундаментализм деп қолданылатын, қоғамға аса қауіпті құбылыстардың анықтамаларын, өздеріне тән құқықтық табиғаттарының мәнін, пайда болу себептері мен жағдайларын талдаудан бастау қажет. Өйткені осындай талдаулардан зерттеліп жатқан тақырыптың мағынасы ашылады.

Экстремизмнің тар түсіндірмесінде саяси қозғалыс пен партиялардың заңсыз қызметі, сонымен қатар мемлекеттік құрылымды күштеп өзгертуге, ұлттық, әлеуметтік жанжалды қоздыруға бағытталған лауазымды адамдар мен жеке тұлғалардың әрекеттері тұрғысынан айтылады. Экстремизмнің осындай түсінігіне мыналар тән болып табылады: бейресми саяси қызмет, заңсыз зорлаушылықтың болуы, ұлтшылықтың, расизмнің немесе әлеуметтік-класстық антагонизмнің ең шеткі формалары; қоғам өміріндегі қиындау мәселелерді шешудің төте жолы мен тәсілін жай ғана ұсыну және оны нақты өмірде іске асыруда сәтті болатындығына көпшілікті сендіру.

Ал енді «экстремизм» ұғымының кең түрдегі түсінігі оның өз этимологиясынан шығарылады. Экстремизм – бұл ең шеткі шараларды, әрекеттерді, көзқарастарды, шешімдерді жақтаушылық. Саяси субъектілердің белсенділігі, яғни белгілі саяси белсенді тұлғалардың, қоғамдық топтардың, билік элитасының және контрэлитаның өздерінің саяси идеалын кіргізуге және түрлі мүмкін жолдармен алға қойған мақсаттарын іске асыруға, күштеушіліктің түрлі тәсілдерін қолдануға, мемлекеттік билікке, жалпы көпшілікке немесе қайсыбір элементтеріне, халықаралық ұйымдарға қарсы бағытталған әрекеттері.

Діни экстремизм – қоғамға қауіпті төндіретін қылмыстық іс-әрекет болып табылады. Бұған дәлел болар фактілер мен аргументтер жеткілікті. Діни экстремизмнің қауіп төндіретін объектісі – қоғамдық қауіпсіздік. Әрине бұл қылмыс түрі діни экстремистік сана мен әрекеттен туындайды. Қылмыстың бірінші белгісі – қоғамға қауіптілігі. Қоғамға қауіптілік – қылмыстың заңмен қорғалған қоғамдық-қатынасқа нақты қауіптілікті тудыратын немесе зиянын тигізетін қылмыстың объективті белгісі ( әрекет немесе әрекетсіздігі ). Осы орайда діни экстремистік әрекет делінген ұғымға құқықтық анықтама берілмесе, діни экстремизмнің шынайы мәні шықпайды.[2;82]

«Діни экстремизмнің құқықтық табиғаты дегеніміз, шынайы діннің өзіндік негізінен шықпайды, тек өзінің діни сенімі мен әрекетін дұрыс дейтін, дінге тән қағидаларды ұстанбайтын, көрсоқыр сенімнің жетегінен шыға алмайтын, әсірешіл, өз эмоциясын ұстай алмайтын, бір діни ұйым (секта) мүшелерінің немесе жеке сенуші тұлғалардың, басқа дүниетаным мен діни сенімдерге қарсы мақсаты мен күштеуді қолданудың міндетті түрде болуы».

Антижүйелік экстремизм – ең көп тараған түрі. Діни ұйымдардың саяси күшке ие деңгейін мойындамайтын оппозиция мен билік арасындағы қақтығыс (Алжир). Солай бола тұра билік жүйесіне енген ресми руханият радикалды ислам элементтеріне қарсы шығады. Өйткені олар бұл элементтердің исламға қарсы мінезде екенін негізге алады (Мысыр). Сонымен қатар, ол «исламизм-секуляризм» нысандағы қарама-қайшылықтарға әкеліп соқтырады. Оған дәлелді мысал ретінде, Түркияны алуға болады. Онда билік етуші элита қоғам ішінде төмен қолдауға ие болғандықтан орын алған репрессияларға әлсіз тойтарыс берді.

Қазақстан көрші мемлекеттердегідей экстремизмнің күшті жандануын көрмеген мемлекет болып табылады. Алайда мемлекет аумағында экстремистік тенденциясы жоқтың қасы деп мәлімдеуге үлкен қате. Бүгінгі күні Қазақстанда экстремистік тенденцияның дамуы мен қалыптасуының латенттік процесі жүріп жатыр деп үлкен сенімділікпен айтуға болады.

Қазақстандағы ислам көшпенді өмір салтына, халықтық-шаруашылық қалпына, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты діни нанымның ерекше сипаты түрінде дамыды. Қылмыскерліктің алдын алу жүйесінде үш түр бөлініп алынады: жалпы, арнаулы және жеке дара алдын алу. Бұлай бөлуге алдын алу қызметінің ауқымы негіз болған. Қылмыскерліктің жалпы алдын алу дегеніміз – қылмыскерліктің барлық халыққа немесе оның топтарына ықпал ететін, жалпы экономикалық, әлеуметтік және өзге критерийлер бойынша бөлініп алынатын және бұл ретте ондай әлеуметтік топтардың іс жүзінде барлық өкілдеріне қылмыстық іс-қимыл мүмкіндігін жасайтын детерминация және себептілік процестерін жою жөніндегі шаралар жүйесі.

Қоғамдық ұйымдар деп саяси партиялар, қоғамдық, діни ұйымдар және Қазақстан Республикасы халықтарының Ассамблеясын айтуға болады. Сонымен бірге жекелеген белсенді азаматтар осындай шараларға өз үлестерін қоса алады. Діни экстремизм әлеуметтік-құқықтық, саяси және этно-психологиялық құбылыс болғандықтан, оған қарсы мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың, яғни барлығының жұмыла күресуі маңызды, әрі қажет жағдай болып табылады. Ал енді ең маңызды үлес қосатындар осы құбылысты ғылыми деңгейде зерттеушілер. [3]

«Діни экстремистік бағыттағы қылмыстар – конституциялық құрылымға, қоғамдық және ұлттық қауіпсіздігіне, мемлекеттің тұтастығы мен аумақтық мызғымастығына, конституция кепілдік беретін азаматтардың және басқа да субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне, діни сенім бостандығы немесе ар-ождан бостандығын бұзуға бағытталған қоғамға-қауіпті, қылмыстық-жазаланатын, тікелей қасақана ниетпен жасалынатын іс-әрекеттер жиынтығы». Діни экстремистік бағыттағы қылмыстардың элементтері болып мыналар табылады: 1) қылмыстық іс-әрекеттердің конституциялық құрылымға, қоғамдық және ұлттық қауіпсіздігіне, мемлекеттік тұтастығы мен аумақтық мызғымастығына, азаматтардың және басқа да субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделеріне, діни сенім бостандығы немесе ар-ождан бостандығын бұзуға бағытталуы; 2) қоғамға қауіпті, қылмыстық заңмен жазаланатын, тікелей қасақана ниетпен жасалынатын іс-әрекеттер жиынтығы болуы. Қылмыстық кодекстегі баптардағы діни экстремистік бағыттағы қылмыстар туралы айтылды.

«Дін дегеніміз – Жаратушы тарапынан Пайғамбарлары арқылы жеткізілген, өзіндік тарихи жолдарымен қалыптасқан, өзіндік жүйесімен әлемдік ортаға, қоғамға, мемлекетке қауіпті салдары болмайтын негіздер жиынтығы». Дін делінген ұғымның құқықтық анықтамасы теология ғылымы мен криминология ғылымының аспектілері бойынша синтез етіліп тұжырымдалды. Дін деген ұғымға анықтама берушілерді мына 4 жіктеу бойынша топтастырылып көрсетілді: 1) «Ішкі» жағынан дінге анықтама берушілерге кейбір діндердің, діни ұйымдардың, конфессиялардың өкілдері және жекелеген дінтанушылар жатады. 2) «Сыртқы» жағынан дінге анықтама берушілерге материалистік философия, әлеуметтік, психология ғылымдарының өкілдері жатады. Бұлар діннің тура анықтамасын бере алмайды, тек салдары тұрғысынан анықтайды деп айтады. 3) «Ортақ»

жағынан дінге анықтама берушілерге дәстүрлі діндер ғалымдары жатады. Олар дінге таза қисынды тұрғыдан дінге анықтама беріледі. Асылында Құдай біреу, дін біреу, тек заманында Пайғамбарлар өз міндеттерін атқарған деген түсінікті ұғыммен түсіндіріледі. 4) «Жалпы» жағынан бәріне бірдей етіп дін аспектісі және криминология аспектісі бойынша дін деген ұғымға құқықтық анықтама беріледі. Бұлай болмаса жоғарыда аталған анықтама берушілердің бәріне бірдей келісе алмайды. Сондықтан осындай шынайы тұжырым жасалынды. [4]

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (ҚР ҰҚК) баспасөз қызметінің мәліметтері бойынша, 2019 жылдың 27 маусымындағы жағдай бойынша, Қазақстан Республикасының 662 азаматы терроризмге және діни экстремизмге байланысты қылмыстары үшін сотталған және жазасын өтеп жатыр, олардың 14-і әйелдер. Іс жүзінде бұл санның өзі ештеңені білдірмейді: бір жағынан, ұлттық қылмыс бойынша сотталғандардың үлесі шелектің тамшысын құрайды. Екінші жағынан, бұл сан жылдар өткен сайын тұрақты өсіп келеді, өйткені бұқаралық ақпарат құралдарындағы көптеген мақалалар мен тиісті органдардың өкілдері баспасөз мәслихаттарында айтқан статистика осының айғағы. Сонымен қатар, әскери қақтығыстар аймақтарына, атап айтқанда Сирияға, соңғы бес-алты жыл ішінде Дашке қосылуға барған азаматтарды айта аламыз. Дегенмен де, бұл сандар біршама өзгертіліп көрсетілуі мүмкін.

ҚР ҚК	Сотталғандардың саны
Терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру. 1 б.	10
терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария шақыру, сол сияқты көрсетілген мазмұндағы материалдарды тарату немесе тарату мақсатында дайындау, сақтау	62
Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау бойынша	41

Мемлекеттің жауабын түсіну кезінде шешілуі керек екінші маңызды құжат – бұл 2018-2022 жылдарға арналған діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл бағдарламасы. Құжаттың атауына сәйкес Қазақстан үшін ұлттық қауіпсіздіктің маңызды мәселелері діни экстремизм мен терроризм болып табылады. Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы актіде негізгі анықтамалар берілген. Сонымен, Қазақстандағы терроризм «зорлық-зомбылық идеологиясы және халықты қорқытуға байланысты және адамға, қоғамға зиян келтіруге бағытталған зорлық-зомбылық және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау немесе қорқыту арқылы мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауға әсер ету тәжірибесі» деп саналады. [5]

#### Әдебиеттер тізімі:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- 2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі 82-бет.
- 3 Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы ҚР Президентінің Жарлығы 2000 жылғы 10 ақпан

4. [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1013957#pos=68;-22](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1013957#pos=68;-22)
5. <http://gylymordasy.kz/>, Альджанова Н.К. Діни экстремизм мен терроризмнің таралу себептері, 4.10.2016 ж.

## ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

*Бекпосов А.Т., з.ғ.м., аға оқытушы, Alikhan Bokeikhan University, Семей қ.*  
*Султанова В.Р., з.ғ.м., аға оқытушы, Alikhan Bokeikhan University, Семей қ.*

Республикамыздың тәуелсіздігінің 25 дүние өзіне құқық шығармашылық еңбегі, жылдығын қорытындылай келе, мемлекет қылмыстық саясат тағы елімізде мизам өткізген көлемді саяси, экономикалық, ғылымын қамтамасыз қылу құрамдас бөлігі әлеуметтік, мәдени әрі құқықтық боп табылатын, мемлекет жүргізетін реформалардың әзір азат Қазақстанның құқықтық саясатты қамтитыны бәрімізге қалыптасуында мелжемді іргетасты бұйымтай әйгілі. Мемлекеттің қылмыстық саясатты ұйымдастыру әлі айдау саласындағы қағидатты ұстанымын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күресті одан әм ізгілендіруге, мемлекеттік органдардың әлі қоғамдық ұйымдардың дайындалатын жөн емес қылықтар пен қылмыстардың профилактикасы, олардың алдын шегеру әм жолын қырпу жөніндегі жұмысын жандандыруға бағытталған нақтылы шараларды жұмысқа асыруға бағытын құрайды.

Елімізде құқық ғылымының дамуын қамтамасыз қылу мақсатында ғылымизерттеу мекемелерінің жүйесі жасалды. Іргелі тағы қолданбалы мизам ғылымын дамыту үшін тиесілі ғылыми негіздерді жиһаз бұл мекемелердің мақсаттары бен міндеттері боп табылады. Мемлекеттің жарғы шығару процесінің тиімділігін тағы мемлекет жүргізетін құқықтық саясатты ұйымдастыруды оңтайландыруды көтеру үшін мемлекеттік органдарға бағытталуға керек нақтылы негізделген ұсынымдарды жабду әлі сіңіру мизам ғылымының түбегейлі функциясы боп табылады. Ілгеріде көрсетілген ережелерді ескере отырып, мемлекет жүргізетін қылмыстық саясаттың тиімділігін одан жә көтеру мәселелерінің практикалық жағынан шешімі отандық әм шетелдік құқықтық доктринасындағы әзіргі заманғы жағдайда іргелі жә қолданбалы жарғы ғылымының жетістіктерімен қарбалас логикалық өзді-өзі байланыста болғанын атап өткен абзалы. Әлқиса қабат, о қылмыстық құқық бұзушылықтарға әсер қылу шараларын ұйымдастырудың құқық қолдау әрі құқық жарату практикасында мақтаулы болған беталыстарды ескере отырып байланыста боп отыр.

Құқықтану ғылымына көрнекті үлесін қосқан республикамыздың дүр ғалымдары өз ғылыми жұмыстарында жиынтығында отандық құқықтық доктринаны даярлау үшін іргелі ғылыми негіз боп табылатын тұжырымдамалық ережелер пен ұсынымдарды көрсетеді.

Заңи тұлғалардың жауаптылығы қылмыстық құқықтың күре әм ен талқыланатын проблемалардың бірі боп табылады. Отандық қылмыстық заңнаманы одан тағы кең аумақты жетілдіру мәселелеріне зейін аудара отырып, профессор У.С. Джекебаев жарғыны тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын белгілеудің туындаған қажеттігін деректеу үшін мынадай дәлелдерді келтіреді: «қылмыстық заңнаманы пайдалану теориясында жә практикасында қауметтің әрекеті, оның ішінде қылмыстық әрекеті те абстрактілі емес, объективті бен субъективтінің бірлігі санатында, демек оның жасалуының нақтылы мәнжайына қатысты қаралуға қажет. Бұндай әдіс саза субъектісі көрнекті біреу жасқа толған, ақыл-есі түзік дара тұлғалар боп табылған жағдайда, жөндемді жә әрі жөндем боп кент береді [2;9].»